«ОЙ-КЕЗУ» ОҚЫРМАНДАР КЛУБЫ – ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЗИЯТКЕРЛІК ЖӘНЕ РУХАНИ ТАНЫМ АЛАҢЫ

Ел Президентінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Оқитын ұлт» идеясын қолдау, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру және жастардың интеллектуалдық әлеуетін арттыру мақсатында Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Жас ғалымдар кеңесі мен университет кітапханасының ұйымдастыруымен «Ой-кезу» оқырмандар клубы өз жұмысын жалғастырады.

Оқырмандар клубының басты мақсаты – университеттің жас ғалымдары мен білім алушылары арасында кітап оқу мәдениетін дамыту, ғылыми және көркем әдебиетке қызығушылықты арттыру, шығармаларды терең талдау арқылы сыни ойлау қабілетін жетілдіру, зияткерлік қарым-қатынас пен рухани дүниетанымды қалыптастыру.

Клуб жұмысы жас ғалымдардың ғылыми ізденісін көркем әдебиетпен ұштастыруға, олардың шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, ғылыми ортада еркін пікір алмасу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Жас ғалымдар әдеби шығармаларды талдау барысында өздерінің ғылыми көзқарастарын ортаға салып, философиялық, әлеуметтік және адамгершілік мәселелерді заманауи қоғам тұрғысынан зерделеуге мүмкіндік алады.

Клуб аясында белгілі жазушылардың шығармалары негізінде әдеби-танымдық кездесулер, философиялық талқылаулар, ашық пікірталастар және шығармашылық сұхбаттар ұйымдастырылады. Мұндай кездесулер жас ғалымдардың өзара тәжірибе алмасуына, ғылыми дүниетанымын кеңейтуіне және университеттің зияткерлік ортасын дамытуға ықпал етеді.

19.11.2026ж. кезекті кездесудің тақырыбы – жазушы Дулат Исабековтің «Ғауһартас» шығармасы.

Кездесу барысында жас ғалымдар мен қатысушылар адам болмысы, махаббат, мейірім, адамгершілік, отбасылық құндылықтар және өмірдің мәні мәселелерін талқылайды. Шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен адами қарым-қатынастары негізінде философиялық талдау жасап, туындының тәрбиелік және рухани маңызын саралайды.

«Ой-кезу» оқырмандар клубы – жас ғалымдардың тек ғылыми ізденіспен ғана емес, рухани және зияткерлік дамумен де айналысуына мүмкіндік беретін орта. Кітап оқу арқылы ой қалыптастыру, пікір алмасу арқылы танымды кеңейту және әдеби мұра арқылы адамгершілік құндылықтарды дәріптеу – клуб жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

«Ой-кезу» – жас ғалымдардың ой бөлісіп, рухани кемелденуіне және зияткерлік әлеуетін арттыруына арналған ортақ алаң.


КІТАП ОҚИТЫН УНИВЕРСИТЕТ
Кітап — жанның азығы
«ОЙ-КЕЗУ»
ОҚЫРМАНДАР КЛУБЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!
«Кітап–адамды ойлануға, ал ой–өзің және әлемді тануға жетелейді».
Ел Президентінің бастамасымен «Кітап оқитын ұлт» идеясын қолдау мақсатында Жас ғалымдар кеңесі мен Кітапхана ұжымы сіздерді сөзден сыр, шығармадан мән іздейтін рухани-танымдық кездесуге шақырады.
Бұл жолы жазушы Дулат Исабековтің «Гауһартас» шығармасы негізінде адам болмысы, махаббат, мейірім мен өмір құндылықтары туралы ой қозғаймыз!
Күні: 19 қараша 2026 жыл.
Уақыты: 11:00
Өтетін орны: Университеттің кітапхана залы
Дулат Исабеков
ГАУҺАРТАС
Оқудан-ойға, ойдан-танымға!
Бірге ойланайық, бірге талқылайық!


Этика
Collins
АЛҒЫС ХАТ


КІТАП


Этика
Collins
АЛҒЫС ХАТ